

ТАҚЫРЫП - 9

САҚТАНДЫРУ

1. Сақтандырудың экономикалық маңызы
2. Сақтандырудағы негізгі экономикалық түсініктері мен терминдері
3. Сақтандырудың жіктелуі
4. Сақтандырудың экономикалық маңызы

Мақсаты: «сақтандыру» түсінігімен, сақтандыру компания-ларының түрлерімен, сақтандыру процесіне қатысу-шылармен таныстыру;
Қазақстанда қолданылатын сақтандыру жүйесі туралы түсінік қалыптастыру;
жеке сақтандырудың рөлі, нысандары мен түрлері, сақтандырудағы типтік қателер туралы білімдерін дамыту.

1. Сақтандырудың экономикалық маңызы

Сақтандыруды дамытудың келешегі және оның экономикаға ықпалының күшеюі айқын: ол біздің елдегі қаржылық-экономикалық қатынастардың жұмыс істеуі мен табысты дамуының тиімді және стратегиялық факторы болып табылады. Сақтандыру дамуының қалыптасу тарихы тереңде жатыр.

Сақтандырудың даму тарихы:

- Қауіптердің алдын алу бойынша бірлескен әрекет;
- Елді мекендерді біріктіру;
- Бекіністерді салу;
- Күтпеген жағдайларды экономикалық шараларды қолдану арқылы жоюға бағытталған іс-әрекеттер.

Сақтандыру ісі XVII ғасырда бастау алды. Экономиканың дамуымен және мүліктік мүдделердің көбеюімен сақтандыру компанияларының саны өсті, олардың айналым қаражаттары мен экономиканың басқа салаларына инвестициялары өсті. Қазіргі сақтандыру бірнеше даму кезеңдерін бастан өткерді, олардың әрқайсысында сақтандыруды ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері болды.

Сақтандырудың даму кезеңдері:

1. Өзара көмек көрсету - сақтандырудың негізгі түрі өзара сақтандыру болды, ол саяхат немесе саяхат саудасы саласында: құрлықта және теңізде өзара көмек көрсету туралы біржолғы шарттардан тұрады.

2. Гильдияны сақтандыру - Гильдия-гильдиялық сақтандыру жарналарды жүйелі түрде төлеуді, сақтандыру төлемдерінің негіздері мен мөлшерін нақтылауды, тәуекелді ескере отырып сақтандыру жағдайларын анықтауды және т.б. (табиғи зілзалалар, су тасқыны, өрт, малдың шығыны), сондай-ақ ұрлық пен тонау салдарынан болған шығынды өтеуді білдіреді.

3. Коммерциялық сақтандыру - сақтандыру ісін дамытудың келесі кезеңі, онда сақтандыруды коммерциялық кәсіпорындар, акционерлік және өзара сақтандыру ұйымдары жүзеге асырады (ауыл шаруашылығы дақылдарын бұршақ-тан, ұрлықтан және т.б. сақтандыру, жазатайым оқиғалардан сақтандыру, азаматтық-құқықтық жауапкершілік)

4. Қазақстанда сақтандыру институттарының дамуы

Қазақстанда сақтандыру институтының пайда болуы мемлекетіміздің тәуелсіздік алған кезіне сәйкес келеді. Сақтандыру нарығының қалыптасуы экономикалық өтпелі кезең жағдайында жүреді. Оның жағдайына өндірістің құлдырауы, кәсіпорындардың төлем қабілетсіздігі, инфляция, жұмыссыздық, рентабельді емес кәсіпорындардың банкротқа ұшырауы сияқты макроэкономикалық құбылыстар тікелей әсер етті. 90-жылдардың басында жаңадан пайда болған сақтандыру компанияларының тәжірибесі немесе қатты қаржылық ресурстары болмады, бұл негізінен сақтандырушылардың көпшілігінің табиғи күйреуіне және сонымен бірге олардың кетуіне әкелген әрекеттерді (кейде асығыс) негіздеді. Сақтандыру компаниялары Қазақстан Республикасы халқының көпшілігі үшін сенімсіздік пен сақтандырудан бас тарту толқынын тудырды. Сақтандыру компанияларының сәтсіздігі олардың тәжірибесінің аздығымен емес,

мемлекеттің өзінің қаржылық тұрақсыздығымен түсіндірілді (теңге аймағы, жеке ақша, ұлттық валютаның құлдырауы).

Мемлекеттің дамуы және қаржы жүйесінің жетілдірілуі қазіргі уақытта біздің республикамызда жеделдетілген қарқынмен дамуын жалғастыратын сақтандыру нарығын іс жүзінде қалыптастырғанымызға әкелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Ұлттық сақтандыру нарығының жаңа заңнамалық базасын және заманауи инфрақұрылымын құру бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Активтерін неғұрлым өтімді қаржы құралдарына орналастыратын сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылық деңгейін арттыру үрдісі сақталды.

Сақтандыру – сақтандыру жиынтығы арасындағы үлестіру арқылы зардап шеккен тұлғаға зиянды өтеу әдісі болып табылады. Мұндай өтеу процесі арнайы сақтандыру қорларының қаражатымен қамтамасыз етіледі. Сақтандыру қатынасы азаматтық-құқықтық келісімі ретінде жазбаша түрде сақтандыру келісім шартында белгіленеді. Табиғаттың дүлей күштеріне немесе жазатайым оқиғаға байланысты тәуекелділік сақтандыру ұйымының объективті қажеттілігін тудырады. Сонымен сақтандыру қызметі – зардап шегушілердің игіліктерін қорғауда қосымша кепіл қызметін атқарады.

Маңызды! Сақтандыру мүліктің өзін немесе адам денсаулығын сақтамайтынын түсіну керек. Оларға қауіп төген жағдайда, яғни тәуекел тікелей әсер етсе, онда сақтандыру жағдайы орын алады. Сол кезде сақтандыру адамға оның материалдық және қаржылық шығындарын өтейді денсаулық пен жоғалған немесе бүлінген мүлікті қалпына келтіру мақсатында қаржылай өтем жасайды.

Сақтандыру экономикалық қатынастар жүйесі ретінде сақтандыру жауапкершілігінің субъектісі мен объектілерін, заңдылық нормаларды, сақтандыру қызметінің ұйымдастырылу нысандарын қамтиды. Осы экономикалық қатынастардың әр түрлілігін бір жүйеге келтіру үшін сақтандыруды жіктеу қажет етеді. Сақтандыруды жіктеу қызмет сфераларына, қосымша салаларға және түрлерге бөлудің ғылыми жүйесі болып табылады.

Сақтандыруды жіктеу барысында негізгі екі критерий қолданылады:

- сақтандыру объектісіндегі өзгерістер бойынша жіктеу;
- сақтандыру жауапкершілігінің көлеміндегі өзгерістер бойынша жіктеу.

Осындай бөлуге сәйкес сақтандыруды жіктеудің екі жүйесі қолданылады:

- сақтандыру объектілері бойынша;
- қауіптің түрі бойынша.

Сақтандыру ұйымының қызмет сферасы ішкі және сыртқы нарықтарын қолданады. Бұл экономикалық қызмет түрі ретінде сақтандыру сферасын ұйымдық жіктеу болып табылады. Ұйымдық формасы бойынша сақтандыру: мемлекеттік, акционерлік, кооперативтік, өзара сақтандыру және медициналық болып бөлінеді.

Мемлекеттік сақтандыру – бұл сақтандырушы ретінде осы үшін арнайы уәкіл етілген ұйым бейнесіндегі мемлекеттік болып табылатын ұйымдық форма. Мемлекет мүдделерінің шеңберіне сақтандырудың кез-келген немесе жекелеген түрлерін жүргізу монополиясы жатады.

Акционерлік сақтандыру – сақтандырушысы жарғылық қоры заңды және жеке тұлғалардың акциясымен қалыптасатын акционерлік қоғам түріндегі жеке капитал болып саналатын мемлекеттік емес ұйымдар.

Өзара сақтандыру – келешекте болуы мүмкін шығындарды қабылданған шарттарға сәйкес белгілі бір үлесте бір-біріне қайтару туралы жеке және заңды тұлғалар топтарының арасындағы келісімді білдіретін мемлекеттік емес ұйымдық форма.

Кооперативтік сақтандыру – мемлекеттік емес ұйымдық форма және ол кооперативтің сақтандыру операцияларын жүргізуінен тұрады.

Медициналық сақтандыру - бұл сақтандыру қызметінің ерекше ұйымдық формасы және денсаулықты қорғаудағы халық мүдделерін әлеуметтік қорғау формасы ретінде алға шығады. Медициналық сақтандырудың басты мақсаты - сақтандыру оқиғасы болған жағдайда жинақталған қаражаттардың есебінен медициналық көмек алуына кепілдік беру және профилактикалық іс-шараларды қаржыландыру.

Материалдық мүдделер олардың өмір сүруіне қауіп төну ықтималдығына байланысты қорғауды қажет етеді. Бұл қауіп әрбір иесі үшін аз, бірақ тұтастай алғанда өте шынайы. Осыған

байланысты материалдық тәуекелдерді сақтандыру қажеттілігі туындайды, осыдан **«сақтандыру өнімі»** түсінігі пайда болды.

Сақтандыру өнімі – сақтандыру әрекеті. Әрбір сақтандыру өнімі белгілі бір сақтандыру объектісіне жатады, сақтандыру себептерін, құнын, бағасын, ақшалай төлемдердің шарттарын анықтайды.

Сондай-ақ сақтандыру өнімінің сертификаты бар, оны **сақтандыру полисі** деп атайды. Сақтандыру полисі жасалған шарттың фактісін растайды, мәміленің параметрлерін қамтиды және заңды құжат болып табылады.

Сақтандыру қорлардың қалыптасуы мен пайдаланылуына байланысты экономикалық қатынастар түрінде көрінеді. Сақтандыру компаниясы оларды тарату үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Сақтандыру жүйесі – бұл белгілі бір елде белгілі бір уақыт аралығында өмір сүретін сақтандыру қадағалауымен қарым-қатынасындағы сақтандыру компанияларының әртүрлі түрлерінің жиынтығы.

2. Сақтандырудағы негізгі экономикалық түсініктері мен терминдері

Сақтанушы – бұл ақшалай жарна төлейтін және сақтандыру келісім шарты бойынша сақтандыру оқиғасы болған жағдайда өтем соммасын алуға құқығы бар заңды немесе жеке тұлға.

Сақтандырушы – сақтандыру қызметін іске асыратын зиянды өтеу және сақтандыру сомасын төлеу міндеттемесін өз жауапкершілігіне алатын сақтандыру қорының құрылуын және жұмсалуды негіздерін білетін ұйым.

Пайда алушы – бұл өсиет қалдырушының қайтыс болғаннан кейінгі сақтандыру соммасын алатын тұлға.

Сақтандыру полисі – бұл жасалған сақтандыру келісімін куәландыратын сақтанушыға берілетін үлгілі құжат.

Сақтандыру тарифтері – (брутто мөлшеріне) – бұл сақтандыру төлемінің атаулы көлемі. Экологиялық мазмұны бойынша тәуекелділік бағасын көрсетеді. Нетто мөлшерлемесінде – сақтандырудың жеке шығындарын көрсетеді.

Сақтандыру сыйлығы (премия) – ақы төленген сақтандыру мүддесі бұны сақтанушы аванс ретінде ақшалай сақтандыру компаниясына төлейді. Сақтандыру сыйлығының мөлшері сақтандыру тарифі бойынша белгіленеді.

Сақтандыру мерзімі – сақтандыру объектілері сақтандыру қорғауынан алынған уақыт интервалы.

Сақтандыру тәуекелділігі – сақтандыру оқиғасының нәтижесінде сақтандыру объектісіне келетін залалдың ықтималдығы.

Сақтандыру оқиғасы – бұл нақты орын алған сақтандыру уақиғасы немесе зиян келтіру ықтималдығы.

Дүлей апаттар - бұл зиянды әсері бар жергілікті экологиялық төтенше ахуал. Дүлей апаттың пайда болу көзі табиғи, биологиялық, техногендік, адам факторлары болып табылады.

Сақтандыру актісі – бұл сақтандыру оқиғасының орын алған фактісін растайтын құжат. Сақтандыру актісінде нақты зиянды соммасы көрсетіледі.

Авариялық комиссар - сақтандырылған затқа келген зиянның себебін, мінезін және көлемін белгілейтін сақтандыру компонентінің уәкілі етілген заңды және жеке тұлға.

Аннуитет - рента және зейнетақы сақтандыратын жалпы түсініктемесі. Бұл термин сақтанушы бірденнен немесе бірте-бірте белгіленген сақтандыру қорын төлеуін, ал кейін бірнеше жылдар бойы немесе өмір бойы тұрақты табыс алуын білдіреді.

3. Сақтандырудың жіктелуі

Сақтандыру объектілері екі топқа бөлінеді: құны және құнсыз.

Құндық белгісі бойынша сақтандыру салаларын бөліп көрсетуге болады. Олар:

- Жеке сақтандыру;
- Мүліктік сақтандыру;
- Жауапкершілікті сақтандыру;
- Экономикалық тәуекелділіктерді сақтандыру.

Жеке сақтандырудың объектісі - адам өмірі, денсаулығы, еңбек қабілеттілігі, болып табылатын сақтандырудың саласы. Жеке сақтандыру өз алдына келесідей жіктеледі: өмірді сақтандыру және жазатайым оқиғалардан сақтандыру.

Мүліктік сақтандыру – объектісі әр түрдегі мүліктер болып табылатын сақтандыру саласы ретінде түсіндіріледі және оның экономикалық қызметі сақтандыру оқиғасының нәтижесінде пайда болған шығынның орнын толтыру. Мүліктік сақтандыру мүліктің меншік формасы бойынша және сақтандырудың әлеуметтік топтары бойынша қосымша салаларға бөлінеді. Бұл белгі бойынша шаруашылық субъектілерінің мүліктерінің келесі түрлері:

- мемлекеттік;
- жеке;
- жалға алынған;
- жекеменшік құқығындағы жеке азаматтардың мүлігі.

Жауапкершілікті сақтандыру – объекті сақтанушының қандай да бір әрекетінің немесе әрекетсіздігінің нәтижесінде зиян келтіруі мүмкін үшінші тұлғалардың алдындағы жауапкершілік болып табылатын сақтандыру саласы. Жауапкершілікті сақтандыруда келесі қосымша салаларды бөліп көрсетеді:

- қарызды сақтандыру;
- зиянның орнын толтыру жағдайын сақтандыру.

Экономикалық тәуекелділіктерді сақтандыру – бұл сала екі қосымша салаларды бөліп көрсетеді:

1. Тікелей шығындар тәуекелділігін сақтандыру. Мыс: материалдар мен жабдықтардың уақтылы жеткізілмеу нәтижесінде пайда болған шығындар.

2. Жанама шығындар тәуекелділігін сақтандыру. Мыс: кәсіпорынның банкротқа ұшырауы.

Сақтандырудың келесі қосымша түрлерін бөліп көрсетеді:

1. Қиыстырылған сақтандыру, яғни әр түрлі объектілерді бір тәуекелдіктен сақтандыру.


2. Аралас сақтандыру, яғни бір сақтандыру объектісі бірнеше тәуекелділіктерден сақтандырылады.

Сақтандыру қызметіне қатысу әдісі бойынша сақтандыру кәсібі екі формаға бөлінеді: міндетті сақтандыру және өз еркімен сақтандыру.

Міндетті сақтандырудың бастаушысы болып мемлекет қызмет етеді. Бұл жерде мемлекет заң бойынша заңды және жеке тұлғаларды қоғам мүдделерін қорғау мақсатында қаражат төлеуін міндеттейді. Міндетті сақтандыру тиісті актілер негізінде жүргізіледі. Бұл актілерде сақтандыру объектілерінің тізімі, сақтандыру жауапкершілігінің көлемі, сақтандыру қамтамасыздықтың деңгейі, сақтандыру төлемдерінің тарифтік ставкаларын белгілеу тәртібі көрсетіледі. Міндетті сақтандыру міндетті түрде сақтандыруды іске асыратын ұйымдар заң тарапынан белгіленеді. Міндетті сақтандырудың басты ерекшелігі сақтандыру объектілерінің максималды көп санының есебінен минималды тарифтік ставкасын қолдануы, ал бұл өз кезегінде сақтандыру операцияларының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Өз еркімен сақтандырудың бастаушысы болып түрлі меншік формасындағы шаруашылық субъектілер болып табылады. Өз еркімен сақтандыруды іске асыру және ұйымдастыру үшін нормативтік базаларды сақтандыру заңдары құрайды. Өз еркімен сақтандырудың ережелері мен шарттарын сақтандыру заңдарына негізделі отырып, сақтандыру компаниялары әзірлейді, бірақ сақтандыру компаниялары мемлекеттік сақтандыруды қадағалау органы тарапынан міндетті лицензиялануға тиісті. Өз еркімен сақтандыру келісім шарты жасалып және тек сақтандыру жарнасын төлегеннен кейін күшіне енеді. Өз еркімен сақтандырудың айырмашылығы – бұл сақтанушы мен сақтандырушы арасында сақтандыру келісім шарты өз еркімен және қажет еткен уақытта ғана жасалады.

Маңызды! Міндетті медициналық сақтандырудың негізгі мақсаты азаматтарды кепілдендірілген медициналық, емдік және профилактикалық қамтамасыз ету болып табылады, яғни жұмыс берушілер жұмыскерлер үшін республикалық салық қызметіне және жұмыс істемейтін азаматтар үшін аймақтық бюджеттерден міндетті медициналық сақтандырудың аумақтық қорларына төлейтін сақтандыру жарналары арқылы көмек.



Сурет 16 – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы

4. Сақтандырудың экономикалық маңызы

2023 жылғы бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру секторында 26 сақтандыру ұйымы бар, оның 10-ы – өмірді сақтандыру болып табылады.

2023 жылғы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтері негізінен сақтандыру қызметі бойынша кірістердің өсуі нәтижесінде 1,6%-ға 2,4 трлн теңгеге дейін ұлғайды (2023 жылдың басынан бері 15,9%-ға өсу).

2023 жылғы активтер құрылымында ең көп үлес бағалы қағаздарға – 71,3% (1,7 трлн теңге), екінші деңгейдегі банктердегі ақшалай қаражат пен салымдарға – 6,0% (143 млрд теңге), сақтандыру дебиторлық берешекке – 4,7% (112 млрд теңге) тиесілі [20].

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері 2023 жылғы 1,5 трлн теңгеге дейін 1,5%-ға ұлғайды (2023 жылдың басынан бері 18,9%-ға өсу).

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншікті капиталы 2023 жылғы 1,8%-ға немесе 15,0 млрд теңгеге 860 млрд теңгеге дейін, негізінен сақтандыру қызметінен алынған пайда есебінен ұлғайды (2023 жылдың басынан бері 10,9%-ға өсу).

2023 жылғы сақтандыру нарығы бойынша таза пайда 20,2 млрд теңге болды (2023 жылдың басынан бері – 128,7 млрд теңге).

2023 жылғы жеке және заңды тұлғалар бойынша жасалған сақтандыру шарттарының саны 1 627 мың шартты құрады, бұл 2023 жылғы алдыңғы аймен салыстырғанда 1,9%-ға көп.

2023 жылдың басынан бері жеке және заңды тұлғалар бойынша жасалған сақтандыру шарттарының саны 9 314 мың шартты құрады, бұл 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 32,3%-ға артық. Негізгі өсім жазатайым оқиғалардан сақтандыру (116,2%-ға немесе 998 мың шарт) және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру (19,6%-ға немесе 652 мың шарт) бойынша шарттарға тиесілі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары 2023 жылғы шілдеде 85,5 млрд теңгені құрады. Сақтандыру сыйлықақылары 2023 жылғы 7 айда барлығы 577,8 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 25,4%-ға көп. Сақтандыру сыйлықақылары өсуінің негізгі драйвері ерікті мүлдіктік сақтандыру сыныбы болып табылады.

Міндетті сақтандыру бойынша жылдың басынан бері 112,8 млрд теңге сомаға сақтандыру сыйлықақылары жиналды, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 25,2%-ға көп. Ұлғаю, негізінен, Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы заң шеңберінде жүзеге асырылатын ерікті жеке аннуитеттік сақтандыра отырып, сақтандырудың

аталған сыныбын біріктіруді ескере отырып, қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру (49,6%-ға немесе 15,9 млрд теңгеге өсу) бойынша және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру (9,6%-ға немесе 5,0 млрд теңгеге өсу) бойынша орын алды.

Ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2023 жылғы 178,1 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 12,4%-ға көп. Өсу, негізінен, жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша жиналған сыйлықақылар сомасының ұлғаюымен байланысты (96,9%-ға немесе 16,7 млрд теңгеге өсу).

Ерікті мүлктік сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары ағымдағы жылдың басынан бері 286,9 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 35,1%-ға көп. Өсу, негізінен, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша жиналған сыйлықақылар сомасының 113,5%-ға немесе 27,8 млрд теңгеге және мүлкті сақтандыру бойынша 21,3%-ға немесе 25,1 млрд теңгеге ұлғаюымен байланысты.

2023 жылғы сақтандыру төлемдері 24,7 млрд теңгені құрады. 2023 жылдың басынан бері сақтандыру төлемдері 140,9 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 51,6%-ға көп. Өсу, негізінен, мүлкті сақтандыру және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің ұлғаюымен байланысты. 2023 жылғы шілдеде барлығы 84 мың төлем, 2023 жылдың басынан бері – 629,1 мың төлем жүзеге асырылды.

Өзін өзі тексеру сұрақтары:

1. Сақтандыру процесінің мәнін түсіндіріңіз?
2. Сақтандыру ұйымдық-құқықтық түрлерін айқындаңыз?
3. Сақтандыру процесіне қатысушылар кімдер?
4. Жеке сақтандыру сипаттама беріңіз?
5. Мүлкті сақтандыру сипаттамасы және түрлері?
6. Жеке сақтандырудың мақсаты мен негізгі түрлері?
7. Сақтандыру компаниясын таңдау?
8. Сақтандыру полисі сақтандыру шартының нысаны ретінде.

Әдебиеттер:

1. Қаржылық сауаттылық негіздері: Оқу құралы. Мырзабекқызы Қ., Сапарова А.А., Болганбаев А.Д. Алматы: ЖШС «Лантар books» баспасы, 2024. - 283 бет.
2. Финансовая грамотность : учебник : [16+] / Ю.Р. Туманян, О.А. Ищенко-Падукова, А.Н. Козлов и др. ; Южный федеральный университет. – Ростов-на-Дону ; Таганрог : Южный федеральный университет, 2020. – 212 с.
3. FİNANSAL OKURYAZARLIK BECERİLERİETKİNLİK KİTABI. Kemal ŞİMŞEK, Keziban KODAZ, İrem ÖZMEN BAĞCI. ISBN: 978-975-11-6491-9. 2023 y.
4. Чумаченко В. В. Основы финансовой грамотности : учеб, пособие для общеобразоват. организаций / В. В. Чумаченко, А. П. Горяев. — 3-е изд. — М. : Просвещение, 2018. — 271 с. : ил. — ISBN 978-5-09-047289-0.
5. Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020 - 2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы № 338 қаулысы.

